

Ғарыштық суреттерді ұсыну қызметінің техникалық сипаттамасы

(Лот 1)

WorldView-3 ғарыш аппаратынан ЖҚЗ технологиясы көмегімен ШҚО аумағында орналасқан ауданы 63 ш.м. учаскенің аумағына спутниктік суреттерді ұсыну (**жана түсірілім**) (1-сурет).



Сурет 1 – Учаскенің орналасу схемасы

ЖҚЗ деректерінің кеңістіктік шешімі:

Панхроматикалық арна: 30 см.

Мультиспектрлік арна: 1,2 м.

Қысқа толқынды инфрақызыл (SWIR): 3,7 м.

Спектрлік арналар саны:

Спектрлік арналар саны: "

Панхроматикалық арна (PAN):

- Диапазон: 450–800 нм.

Мультиспектрлік арналар (VNIR):

- Coastal (жағалау): 400–450 нм.
- Blue (көк): 450–510 нм.
- Green (жасыл): 510–580 нм.
- Yellow (сары): 585–625 нм.
- Red (қызыл): 630–690 нм.
- Red Edge (қызыл шет): 705–745 нм.
- Near-IR1 (жақын ИК1): 770–895 нм.
- Near-IR2 (жақын ИК2): 860–1040 нм.

Қысқа толқынды инфрақызыл арналар (SWIR):

- SWIR-1: 1195–1225 нм.
- SWIR-2: 1550–1590 нм.
- SWIR-3: 1640–1680 нм.
- SWIR-4: 1710–1750 нм.
- SWIR-5: 2145–2185 нм.
- SWIR-6: 2185–2225 нм.
- SWIR-7: 2235–2285 нм.
- SWIR-8: 2295–2365 нм.

Суреттерді өңдеу деңгейі:

Ортонормаланған View Ready (2A) суреттері.

Мультиспектрлік суреттердің кеңістіктік шешімін панхроматикалық суреттер бойынша жоғарылату (Pan-Sharpning);

Бұлттылықтың рұқсат етілген деңгейі және ауытқу бұрыштары:

Суреттердің бұлттылығы: $\leq 5\%$;

Тікелей бұрыштан ауытқу: $\pm 30^\circ$;

Суреттер минималды жауын-шашын мөлшері мен ең төменгі өсімдік индексі кезінде орындалуы тиіс;

Суреттерде қар жамылғысының болмауы;

«Артефактілер», бұрмалаулар, анық жалған аномалияларды жою және басқа техникалық қателіктердің болмауы, бірақ жоғарыда аталған тармақтармен шектелмей (қосымша сұрақтар туындаған жағдайда тапсырыс берушімен келісу).

Жеткізілім құрамы:

Спутниктік суреттер

Спутниктік суреттердің метадеректері

Суреттердің орналасу схемасы

Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру бөлімшесіне қағаз жеткізгіште тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті, соның ішінде (бірақ мұнымен шектелмей):

- сатып алынуы жоспарланған қызметтер мен жұмыстар түрі үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген куәліктердің/лицензиялардың және басқа да рұқсат беру құжаттарының нотариаттық тәртіппен куәландырылған немесе мөрмен бекітілген көшірмелері;
- әлеуетті жеткізушінің персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариаттық тәртіппен куәландырылған немесе мөрмен бекітілген көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі туралы дипломдар, сертификаттар, оқу және біліктілікті арттырудан өткендігі туралы куәліктер, анықтамалар және т.б.);
- сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету бойынша әлеуетті жеткізушінің тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері), әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрмен куәландырылған;
- әлеуетті жеткізушінің салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекеттік кірістер органдары алдында берешегінің жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрмен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын, конкурсқа қатысуға өтінім берілген күннен кешіктірілмеген күнімен даталанған құжаттар;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрмен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің тиісті материалдық-техникалық базасының (өндірістік ұй-жайлар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Рахметуллина С.Ж.

Басқарма мүшесі- ғылым және

Конурбаева Ж.Т.

инновация жөніндегі проректор

Бағдарлама жетекшісі

Самамбаева А.Е.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған бастап 90 күнгізбелік күннен аспайтын.